

Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және рұқсатты не уәжді бас тартуды беру рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде өтініш берушіні тексерудің және рұқсат берудің автоматты режимінде жүзеге асырылатын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 355/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қыркүйекте № 29901 болып тіркелді

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және рұқсатты не уәжді бас тартуды беру рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде өтініш берушіні тексерудің және рұқсат берудің автоматты режимінде жүзеге асырылатын рұқсаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш
өнеркәсібі министрі
2022 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 355/НҚ Бұйрықпен
бекітілген

**Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және
рұқсатты не уәжді бас тартуды беру рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік
ақпараттық жүйесінде өтініш берушіні тексерудің және рұқсат берудің автоматты
режимінде жүзеге асырылатын рұқсаттар тізбесі**

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы	Рұқсат беру органының атауы
1.	Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру	Импортқа лицензия беру	СИМ

Аббревиатураның толық жазылуы:

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК